

мектептер» сияқты бірегей оқу орындары табысты жұмыс істеуде. Міне, бірнеше жыл бойы Қазақстандағы білім беру жүйесінің негізін қалаушы Ы.Алтынсариннің педагогикалық идеяларының сабақтастығы қағидаттарына негізделі отырып, 12 жылдық мектеп үшін кадрлар даярлау жоспарында табысты жұмыс істеп келеді.

### Әдебиеттер тізімі

1. **Ы. Алтынсарин**, 3 томдық шығармалар жинағы: Т. 1.[Мәтін]/Ы. Алтынсарин. – Алма-Ата, 1975. – 359 Б.
2. **Ы. Алтынсарин**, 3 томдық шығармалар жинағы: Т. 2.[Мәтін]/Ы. Алтынсарин. – Алма-Ата, 1975. – 423 Б.
3. **Жаһандану: ХХІ ғасырдың контурлары**: реф. 1-ші бөлім, 2004. – 263 Б.
4. **Қ.Т. Жұмағұлов**, Ыбырай Алтынсарин және қазақ халқының мәдениетін дамыту[- Мәтін]/Қ.Т. Жұмағұлов. – Алма-Ата, 1984. – 204с.
5. **Т. Левкина**, Жаһандану және интеграция: теория мен практика мәселелері: [Электрондық құжат]. – (<http://law.edu.ru/doc/document.asp?docID=1220803>).
6. **Ә. Музина**, 2010 жылға қарай Қазақстан Боон процесінің толық құқықты қатысушысы болуды жоспарлап отыр: [электрондық құжат].
7. <http://www.liter.kz/site.php?lan=russian&id=150&pub=14083>.
8. **Н.Ә. Назарбаев**, Өңірлік интеграция және еуразияшылдық: Қазақстан Республикасы Президенті Н. А. Назарбаевтің сөз сөйлеуі, атындағы Еуразия университеті. Л.Н. Гумилев, Астана, 2004 жылғы 2 сәуір: [электрондық құжат].- (<http://www.nomad.su/?a=3-200404050029>).
9. **А.С. Сейтдіков**, Ы. Алтынсариннің педагогикалық идеялары мен ағартушылық қызметі [Мәтін]/А. С. Ситдыков. – Алматы: Мектеп, 1968. – 148с.
10. **П.В. Сысоев**, Тілдік көпмәдениетті білім [Мәтін]/П. В. Сысоев // Мектептегі шет тілдері. – 2006 – № 4. – Б. 2-13.

ӘОЖ 37.013.2

### ЫБЫРАЙ МҰРАЛАРЫНЫҢ ҚАЗІРГІ ПЕДАГОГИКАМЕН ҮНДЕСТІГІ

*Турагулова Б. Т. – жоғары санатты арнайы пәндер оқытушысы, Ы.Алтынсарин атындағы Рудный әлеуметтік-гуманитарлық колледжі, Қостанай облысы, Рудный қаласы.*

*Бұл мақалада даланың дара ұстазы Ыбырай Алтынсариннің алдына мақсат етіп қойған – мектеп ашу, бала оқыту, жалпы халықты ағарту жұмысы және халықтың ой-санасын жаңалыққа қарай бейімдеу жолындағы істерінің қазіргі педагогикамен үндестігі жайлы айтылады.*

*Кілт сөздер: Ыбырай мұралары, педагогика, үндестік, тәрбие, білім беру, тиімді оқыту.*

Бүгінгі күн ХІХ ғасырдың ІІ жартысында өмір сүрген ұлылардың бірі, қазақ халқының маңдайына біткен бақыты, даланың дара ұстазы, тұңғыш рет білімнің қоңырауын соғып, мектеп ашқан Ыбырай атаның мерекесі, яғни 180 жылдық мерейтойына арналып отыр.

«Пайдалы нәрсенің бәріне жаны құмар халқымызға шамамыз келгенінше қызмет ету – біздің әрқайсымыздың азаматтық борышымыз», – деп, Ыбырай Алтынсарин өзі айтқандай бүкіл өмірін халқына пайдалы іске жұмсады [4].

Қазақстан Республикасы педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыруға арналған «Тиімді оқыту мен оқу» бағдарламасының мазмұнынан кешегі Ыбырай салған жолмен ілгері жылжуды бақылауға болады. Ыбырай Алтынсарин оқыту мен тәрбиелеуде негізгі тұлға мұғалім екенін ұғынып, сапалы білім беретін мұғалімдерді дайындау жолында жұмыс жасаған болса, бұл игі бастама әлі де күшін жойған емес, Бүгінгі заман талабына сай білім беруде мұғалімнің алдына қойған басты мақсаты, өз мүддесі мен қоғамдық мүдделерді ұштастыра білетін, зиялы, адамгершілігі мол, денсаулығы мықты жеткіншек тәрбиелеу. Оқушылардың санасына туған халқына деген патриоттық сезім ұялатып, ұлттық рухты сіңіру. Әр оқушыны дара тұлға деп танып, олардың бойына үнемі оқып үйренсем деген ізденімпаздық қасиет дарыту, оларға өздігінен білімдерін толықтырып тереңдету тәсілдерін жаңа технологиялармен, әдіс-тәсілдермен байланыстыра отырып дамыту Ыбырай еңбегімен үндесіп жалғасын тауып отырған іс деп қарауымызға болады.

Бүгінгі заман – бәсекелестік пен жоғары технологиялар заманы, ғылым мен білім заманы. Елбасымыз өзінің Қазақстан халқына Жолдауында «ХХІ ғасырда білімін дамыта алмаған елдің тығырыққа тірелері анық. Біз мұғалім мамандығының беделі мен абыройын қайтаруға міндеттіміз» деген еді [1].

Ал Ы.Алтынсарин «Мұғалім-мектептің жүрегі», дейді, ендеше адам ағзасында жүрек қандай

қызмет атқарса, мұғалім де мектепте сондай қызмет атқару керек [4].

Ол үшін болашақ мұғалімді өз ана тілін, салт-дәстүрін қадірлейтін, ізденуден тынбайтын, қолданбалы қабілеті де жоғары дамыған, бәсекеге қабілетті маман етіп шығаруымыз керек.

Ыбырай – ірі тұлға, оның өнегелі өмір жолы тұтас тарих. Оның туған халқына арнаған еңбектері тағылымы мол шежіре, қадамы нық ерлік. Оны айтып тауысу мүмкін емес. Сондықтан менің алдыма қойған мақсатым – ұлы ұстаз көтерген оқу-тәрбие мәселелерінің бүгінгі өмірмен байланысы, яғни педагогика пәнімен сабақтастығы, педагогика пәнін оқытуда Ыбырайдың мұраларын орынды қолдана білу болып табылады. Білім ордасы, 80 жылдық тарихы бар, қасиетті қара шаңырақ Ыбырай атаның есімімен байланысты болғандықтан да, әрі ұлы ағартушының тәлім-тәрбиелік еңбектерінің мән-мағынасын ашу үшін, әр сабақты оның мұраларымен байланыстырып, оның көтерген тақырыптарының оқыту мен тәрбиедегі мәнін ашу жастарға үлгі-өнеге ету, туған өлкеге пайдалы іске шақыру – басты мақсатым.

Білім әлеміне тыңнан жол салған Ыбырай бабамыздың мұрасына үңіле отырып, оның қоғам өміріндегі өзекті мәселелерді шешуге белсене ат салысқанын терең сезінеміз. «Мұғалім – балаларды оқыту мен тәрбиелеудегі басты тұлға» тақырыбын өткенде, студенттерге мынадай шығармашылық тапсырмалар ұсындым:

1. «Ы.Алтынсарин- ағартушы, педагог» тақырыбында зерттеу жұмысы;
2. «Ы.Алтынсарин мұғалімнің қоғамдағы ролі туралы» тақырыбында лэпбук жасау;
3. «Ыбырай атаға хат» еркін хат;
4. «Алтынсарин және біз» эссе жазу бойынша сайыс.

«Қазақстан Республикасының білім беру жүйесі» тақырыбында А.Сыдықовтың кітабы бойынша оқырмандар конференциясын немесе дөңгелек үстел өткізуге болады, онда Ы.Алтынсаринге дейінгі Қазақстандағы мектеп ісі, Ы.Алтынсарин жасаған халыққа білім беру жүйесі, орыс-қазақ мектебінің арғы тағдыры деген мәселелерді қарастыруға болады. Ы.Алтынсарин жасаған білім беру жүйесімен Қостанай облысындағы білім беру жүйесінің логикалық-құрылымдық кестелерін құрып, Венн диаграммасы арқылы салыстыру жасау арқылы шығармашылық қабілеттерін, логикалық ойларын дамытады. Бұл жердегі мақсатым: болашақ мұғалімдердің құра білу іскерлігі мен шығармашылық белсенділігін дамыта отырып, сөздік қорларын байыту.

Ы.Алтынсарин өзінің дидактикалық көзқарасы жағынан – ұлы ағартушылардың озық идеяларына сүйенген, адамгершілік педагогикасын жаңа жағдайда іске асырған ізгі ниетті адам. Ян Амос Коменскийдің озық идеялары, ағартушылық, педагогтік оқулары Ыбырай жүрегінен нық орын тепті. Оны қазақ жағдайына, жаңа ортаға қолдану жолын қарастырды. Ян Амос Коменский педагогикасының негізі гуманизм мен демократизм болды. Ол мектеп балаға сүйіспеншілік, адамгершілік қасиеттерін тәрбиелейтін «адамгершілік шеберханасы» болуға тиіс деген көзқарасты насихаттады. Ұлы педагог тәрбиені адамның табиғатына сәйкес жүргізу керек деп есептеді. Осы талапты ол тәрбие мен оқытудың жалпы принципі деп санады. Ол алғашқы рет оқу тоқсандарына жіктелген оқу жылы жөніндегі ұғымды анықтады. Педагогика тарихында тұңғыш рет оқу жұмысын ұйымдастырудың негізгі түрі – класс-сабақ жүйесін ұсынды. Я.А. Коменский дүние жүзі педагогикасының дамуына зор ықпал жасады [5].

Сондықтан да қазақтың тұңғыш педагогы Ы.Алтынсарин және басқа халықтардың прогресшіл педагогтары да өз еңбектерінде Коменскийдің идеяларына сүйенді. Дидактика бөліміндегі «Білім берудің мазмұны» тақырыбында да революцияға дейінгі орыс-қазақ мектебіндегі білім берудің мазмұнымен қазіргі бастауыш мектептерге білім беру мазмұнын салыстыруға болады. (А.Эфиров, Ы.Алтынсарин.24-25, 31-бет) және «Мақтубат» хрестоматиясы, «Орыс тілін үйрету әдістемелік нұсқауымен» таныстыру.

«Оқытудың әдістері, тәсілдері мен құралдары туралы түсінік» тақырыбын өту барысында Ы.Алтынсарин мұғалімдерге оқу методтары мен балаларды оқыту тәсілдерін олардың кең тәрбиелік мағынасында түсіндіргенін айта отырып, анықтамаларына тоқталып, ғылыми педагогикадағы оқыту әдістері туралы анықтамалармен салыстырып, ортақ белгілерін анықтау:

а) оқыту методтары- балалардың жүре келе мектепке, сабаққа кейіннен ғылымға, өз бетімен білім алуға құмарландыратын (ынталандыратын, ықыластандыратын) жол;

ә) сабақта балалардың ойлау қабілетін арттыратын жаттығулар қажет, мысалы, әңгіме, түсіндіру арқылы оқыту методы. Бұл көрнекілік заттарды және өмір фактілерін пайдалануға көмегін тигізеді: заттарды және құбылыстарды суреттеу, олардың қасиеттерін салыстыру, әр түрлі қортындылар жасау. Сондықтан да балаларда дұрыс ойлау қабілеті қалыптаса бастайды.

Ендеше Ыбырай ұсынған оқыту әдістері тиімді оқыту, табысты оқыту, сындарлы оқыту тәсілдерімен жалғасын тауып отыр. Оқытудың бұл тәсілдерін қолдануда мұғалім оқушылардың оқуына мүмкіндік тудырады, оқу материалы және өзге де қажетті құралдармен қамтамасыз етеді, ал оқушылар өз кезегінде пән бойынша өз түсініктерін арттыруға ынталы болады – бұл жерде де ұлы ағартушының еңбегінің жаңа заман талабымен үндестігін көруімізге болады.

Ыбырай Алтынсарин қазақ жастарын оқуға үндеумен қатар, адамгершілікке, достыққа, еңбекке, жігерлілікке, халқын сүйуге, қысқасын айтқанда, «адам» деген ардақты есімді ақтай алатын кісі

болып шығуға үндейді. Ол жастарға бала кезінен бастап дұрыс тәрбие бергенде ғана бұл міндеттерді іске асыруға болатындығын жақсы ұғынды.

«Тәрбиенің мақсаты мен міндеттері» тақырыбын өткенде А.Эфиров пен А.Сыдыковтың «Ы.Алтынсариннің ағартушылық қызметі мен педагогикалық идеялары» кітабын пайдаланып, «Ы.Алтынсарин білім берумен тәрбиенің мақсат-міндеттерін қалай анықтады» деген тақырыпта шағын зерттеу жұмысы жүргізілді. Студенттер ізденіп, зерттеушілік қабілеттерін шыңдады.

«Еңбек тәрбиесі» тақырыбын өту барысында «Ы.Алтынсарин мұралары оқушыларға еңбек тәрбиесін беру ісінде» деп буклет жасауға болады, ұжымдық шығармашылық істер, «аукцион» (еңбек тәрбиесі туралы әңгіме, ертегі, мақал-мәтелдер бойынша). «Адамгершілік тәрбиесі» тақырыбында Ы.Алтынсариннің әңгіме, мысалдарды, өлеңдерін қолдана отырып, этикалық әңгімелер жүргізуге болады. Адамгершілік тақырыбында жазылған ертегілерінен көріністер дайындау ұсынылады. Мақсатым: студенттердің хабарлау іскерлігін, қолданбалы қабілеттерін дамыта отырып, адам бойындағы игі қасиеттерді қалыптастыру. «Эстетикалық тәрбие» тақырыбында ұлттық өнердің өмірдегі орнын аша отырып, табиғат жайлы өлеңдерінен байқау ұйымдастыруға болады. Байқау барысында студенттерді өнер деген ұлы құдіретті тани білуге, бағалауға сонымен қатар өн бойларында айналадағы сұлу да әсем ортаға сүйсіне қарау сияқты игі қасиеттерді қалыптастыру. «Дене тәрбиесі» тақырыбында ұлттық ойындар, «Ы.Алтынсарин балаларды тәрбиелеуде дене тәрбиесінің ролі туралы» тақырыбында баяндама жасауға, ұлттық ойындар сайысын өткізуге болады. «Мектеп, отбасы және қоғам» тақырыбында отбасындағы ананың сүтімен, атаның қанымен алынған тәрбиенің қайнар көзі ұлттық салт-дәстүрлер, әдет-ғұрыптарымызбен таныстыру ұсынылады.

Бұдан басқа пән бойынша сыныптан тыс жұмыстар барысында Ы.Алтынсарин шығармаларын кеңінен пайдаланып, оң нәтижесін көруге болады. Оның шығармалары тікелей бала тәрбиесімен байланысты, ананы сүйуге, адамгершілік, әдептілік, қарапайымдылық, адалдыққа үйретеді. Ыбырай тәрбиесі – халықтық тәрбие, сондықтан бүгінгі қарыштап дамыған қоғаммен біте байланысқан. Ұлы педагогтың шығармашылығының негізгі бастау алар бағыттары да қазіргі мұғалім даярлау ісінің қайнар көзі болып табылады және «Мәңгілік еліміздің» болашақ азаматтарын тәрбиелеуде зор үлесін әлі де қоса бермек.

#### Әдебиеттер тізімі

1. «Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына арнаған Жолдауы», Қостанай таңы, №16.
2. **Ы.Алтынсарин** «Кел, балалар, оқылық: Өлең, әңгімелер мен мақал, жұмбақтар» / Алматы, 168 б.
3. **Ы.Алтынсарин** «Таңдамалы шағармалар» / Алматы, 1955 ж.
4. **С.Қалиев** «Ы.Алтынсариннің таңдамалы педагогикалық мұралары» / Алматы, 2001 ж.
5. **Ә.Ламашев** «Ы.Алтынсарин және оның орыс достары мен ізбасарлары» / Алматы, 1998 ж.
6. **Б.Тұрғынбаева** «Ыбырай қазақ балаларына арнап қазақ тіліндегі тұңғыш оқу құралы – Қазақ хрестоматиясын жазды», 2013 ж.

УДК 377

#### ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННІҢ МҰҒАЛІМ МАМАНДЫҒЫНА КӨЗҚАРАСЫ

*Раймбекова Ж.А. – педагогика ғылымдарының кандидаты, кәсіби білім беру мазмұнын трансформациялау зертханасының меңгерушісі, Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы.*

*Мақалада ұлы ағартушы Ы. Алтынсариннің мұғалім мамандығына деген көзқарасы, мұғалім туралы нақыл сөдерге шолу жасалды. Сол уақыт пен қазіргі уақыттағы мұғалімдер арасындағы сабақтастық көрсетілді.*

*Түйінді сөздер: білім алушы, мұғалім, педагогика, табысты мұғалім.*

Тәуелсіз және егеменді Қазақстан Республикасы өз дамуында ғылыми-техникалық, ақпараттық, саяси, экологиялық және рухани қолдаудың жаңа деңгейіне көтерілуде. Республика өміріндегі бұл өзгерістер білім беру жағдайы мен оның сапасын қайта қарауды талап етеді. Соңғы жылдары білім беру, сөзбен емес, іс жүзінде мемлекетіміздің дамуының басым бағытына айналғаны даусыз.

Кез келген мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету процесінде инновация мен сапалы білім жетекші рөл атқаратыны белгілі. Елдің экономикалық өсуі сол елдің адамдарының сапалы біліміне байланысты.

Замануи дамуға сәйкес бүгінгі қоғам, әлеуметтік және экономикалық өмірдің шарттары